

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет
2. <https://daryn.online/article/463>
3. Корзун О. Ф., Острейко С. В. Использование приложения Zip Grade для оценивания знаний студентов и учащихся. – Минск: 2021.
4. Гасова О. В. Использование программы «Quizlet» при обучении иностранному языку. – 2018.
5. Шануков Д. Д. Использование виртуальной онлайн – доски PADLET в обучении //Педагог-профессионал в школе будущего. – 2022. – С. 242-245.
6. <https://www.survio.com/ru/>
- 7.<https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-informatsionnyh-tehnologiy-v-sisteme-professionalnoy-podgotovki-bakalavrov/viewer> // Белоконова С.С., Бугрова Т.В. Использование информационных технологий в системе профессиональной подготовки бакалавров.

ӘОЖ 811.512.122

АНТРОПОНИМ КОМПОНЕНТТІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ СИПАТЫ

Бәшкен А. Б.

bashken00@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Кенжалин Қ.К.

Кез келген тілдің лексикалық қорының елеулі қабаттарының бірі – жалқы есімдер. Оларсыз тіпті, адамдар арасындағы қарым-қатынасты елестету мүмкін емес.

Қазіргі заманауи тілдерде жалқы есімдер жалпы есімдерге қарағанда бірнеше есе көп. Бірақ олар сөздіктерге енбейді, тіл мамандарының үнемі зерттеу назарына түсе бермейді, грамматикалық материалдар қатарына қосыла бермейді, жоғары оқу орындары мен жалпы орта мектептердің оқу бағдарламасына қатыстырыла бермейді. Қазіргі заманның әрбір адамына ономастикалық білім өте қажет, өйткені ол адам жалқы есімдер туралы мол ақпаратты игермей, кең ауқымда өмір сүріп, жан-жақты тіршілік жасай алмайды. Ономастикалық білім өмірдің кез келген саласына тікелей қатысады. Жалқы атаулар арқылы жасалған ономастикалық кеңістік ерекше, қызықты және өте маңызды білімнен тұрады.

Жалқы есімдер ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің назарын аударып келеді, өйткені олар тілдегі ерекше рөлі, ерекше құрылымы, сөйлеудегі ерекше қызметі арқасында тілдің өзге лексикалық категорияларынан ерекшеленеді [1].

Салыстырмалы түрде жақында ғана жалқы есімдерді табиғат сырын ашу үшін көптеген басқа ғылымдардың деректеріне сүйенетін арнайы ғылым – ономастика ғылымы зерттей бастады. Ономастика ғылымының бір саласы біз қарастырғалы отырған антропонимика саласы.

Антропоним компонентті мақал-мәтелдердің мағыналық сипатын қарастырмастан бұрын жалпы антропонимия саласын зерделеп алуды жөн көрдік.

Антропонимдер - бұл адамның кез келген жалқы есімдерін қамтитын ономастика ғылымының бір категориясы [2]. Антропонимдер кісі аты, әкесінің аты, тегі, лақап аты, бүркеншік аты, криптонимі, андронимі, гинеконимі, патронимі сынды кластарға бөлінеді. Әр халықтың антропонимдердің формалдылығымен, атау мотивтерімен, атау құрылымында көрініс табатын өзіне тән атау дәстүрлері бар. Кез келген халықтың антропонимикасының

қоры (антропонимдер жиынтығы) өзінің құрамы жағынан алуан түрлі болып келеді. Әрбір ұлттың тізімі немесе атауларының тізілімі (антропонимикон) шектеулі, сондықтан бір адамның есімі тек бір ғана адамға ғана емес, бірнеше адамға тән болуы мүмкін. Антропонимдер ономастиканың ерекше бөлімі – антропонимдерді зерттейді. Қазіргі антропонимикалық жүйелердің қалыптасуы мен дамуы бір жоспарда қарастырыла алмайтын өте күрделі және ұзақ процесс.

Антропонимдердің барлық түрін ортақ белгі – адамның есімін атай білуі біріктіреді. Бұлардың ішінде тек жалқы есімде денотацияның даралану дәрежесі жоғары, яғни әр адамның жалқы аты бар, ал басқа атаулар осыған қосымша ретінде қызмет етуі мүмкін және халықтың тарихи-мәдени дәстүрлерімен сәйкес келеді. Сонымен қатар, антропонимикадағы кісі аттары ерікті түрде таңдалатынын, тегі мен әкесінің аты туыстық байланысқа байланысты болатынын, лақап аттар мен бүркеншік аттар және т.б. аттар негізгі емес, қосымша есім болып табылатынын және олар әр адамға берілмейтінін айта кеткен жөн. Лақап атын жеке адамның өзі бермейді, оны басқа адамдар береді, ал бүркеншік аттарды, криптонимдерді белгілі себептермен атауды иеленушінің өзі таңдайды. Мәселен, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин және тағы да басқа қазақ жазушылары өз туындыларына *Дүйсенбі, Шәміл, Манап, Жұмақан (С.Сейфуллин), Арқа, Арғын, М.Е., М.(М.Әуезов)* сынды бүркеншік аттармен қол қойған [3].

Антропонимдердің бірқатар сипаттары төмендегідей келтіріледі:

- Әртүрлі халықтардың антропонимдерінің дамуында бір аттас антропонимдік жүйеден көп аттылыққа дейінгі табиғи даму байқалады. Аттас жүйе ең көне болып саналады.

- Түрлі халықтардың ресми атау формуласы – бұл қатаң анықталмаған, өзгермелі, құрамдас бөліктерінің әртүрлі саны мен басқаша реттілігі бар тарихи категория.

- Антропонимдер ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайды.

- Ұлттық антропонимиканың негізгі қорын көп жағдайда ана тілінің атаулары құрайды.

- Антропонимдік жүйе неологизм атаулары мен жалғау атаулары есебінен толығады.

- Антропонимдік жүйелерде белгілі бір семантикасы бар еркек және әйел есімдері ажыратылады.

- Антропоним компоненттері маңызды құқықтық қызмет – қоғамдағы тұлғаны анықтау қызметін атқарады.

- Антропонимдер тек жекеше түрге ие (ерекше жағдайларда көптік жалғауы мүмкін: отбасы мүшелерін атағанда (*апалы-сіңлілі Мұхамеджановалар*), біртектес объектілердің жалпылама белгіленуі, адамдардың белгілі бір топтарының жиынтық мағынасында (*Айдарлар келді, Абайлардың тобына қосылды*)).

Қазақ антропонимиясында адамдардың жасы, дәрежесі, әлеуметтік жағдайы т.б. сипатына байланысты құрметті атаулар бар. Мәселен, үлкендерге (атын) қарата айтылатын есімдер: *Баянжаннан Бәке, Асылдан Асеке, Саматтан Сәке*.

Жалқы есімдердің әртүрлі жіктелуі бар. Сонымен, В.А. Никонов жалқы есімдерді үш үлкен топқа бөледі: а) сипаттау есімдері (дескрипт), б) тілек есімдер (сидеративтер), б) арнау есімдері (естелік). Әр топқа бірнеше топшалар кіруі мүмкін. Қазақ антропонимикасын зерттеуші Т. Жанұзақов В.А. Никонова классификациясының негізінде қазақ халқының діни наным-сенімдерімен, тотемімен, тыйымдарымен және мәдени дәстүрлерімен байланысты атаулардың төртінші тобын – мәдени, тарихи немесе әлеуметтік атауларды бөліп көрсете отырып, қазақ кісі есімдерінің толық лексика-семантикалық классификациясын жасады [3].

Орыс, славян, еуропа, түркі және шығыс атауларының антропонимдерінің үлкен қабатын талдай отырып, А.В. Суперанская адамның қоршаған ортаға қатынасының ортақтығына, ойлау және қабылдау формаларының параллельділігіне, дүниетанымдық сипатына негізделген әртүрлі халық атауларының типологиялық ұқсастығын анықтайтын типтік және сирек антропонимикалық негіздерді бөліп көрсетті. Жіктелуі А.В. Суперанская позициясына негіздей отырып, В.Г. Богораз-Тан кез келген халықтың тілінде адам мен оның денесін, отбасылық қарым-қатынасын, табиғат құбылыстарын, материалдық мәдениетін

көрсететін лексемалар болатынын атап көрсеткен. Осы 4 топқа А.В. Суперанская антропонимдердің жасалуына қатысатын лексемалардың мынадай топтарын қосады: элеуметтік мәдениет, физикалық қатынастар мен параметрлер, антропонимдер құрамындағы әртүрлі типтердің жалқы есімдері [4]. Бұл классификация белгілі бір категорияның жалқы есімдердің ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі модификациялары бар антропонимдердің әртүрлі типтерін жіктеу үшін негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Қазақ халқының антропонимикалық жүйесіне белгілі бір атаулар ислам дінінің қабылдануымен келді, сондықтан араб-иран тектес атаулар бар, бірақ оларды қазақ тілінде сөйлейтіндер де ана тіліндегі лексемалар ретінде қабылдайды, өйткені олар ұзақ уақыт бойына қазақ тілінің фонетикалық-грамматикалық жүйесіне толық бейімделген (*Абдолла, Асан, Ахмет, Иса, Жамал, Зульфия*). Дегенмен, қазақ антропонимикасының басым көпшілігі, оның негізгі қорын түркі және өзіміздің төл қазақ тіліндегі атаулар құрайды.

Т. Жанұзақовтың бақылауларына қарағанда, қазақша кісі есімдері мағыналық жағынан ашық, өйткені олардың көпшілігі қазақ халқына түсінікті қазіргі лексикалық жүйеде қызмет ететін сөздерден жасалған (*Асылжан, Арман, Қайрат, Нұрсұлу, Қамар, Айгүл, т.б.*) [4].

Ал ендігі кезекте антропоним компоненті кездесетін мақал-мәтелдердің мағыналарына келер болсақ, әуелі қазақ халқының мақал-мәтелдерінің мәнін ашып алайық. Мақал-мәтелдер – уақыт сынынан өткен мәдени ақпарат көздерінің бірі. Қазақ мақал-мәтелдері халқымыздың өмірлік тәжірибесін, құндылық бағдарлары мен қалаулар жүйесін, ұлттық мінезін, ұлттық менталитетіміздің маңызды қасиеттерін бойына жинақтады, негізіне шоғырландырды. Мақал-мәтелдер – қазақ халқының рухани мәдениетінің ең үлкен құндылығы, дана бабаларымыздың байқампаздық, тапқырлық, шығармашылық күш-қуатының көрінісі. Халықтық мақал-мәтелдеріміз қысқаша тәлім-тәрбие түрінде келетін, не бейнелі, астарлы және мәнерлі көркемдігімен терең мәнді білдіретін ұлттық тіл құралымыз [5].

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі адам есімдерін жинақтаған жалқы есімдерден тұратын антропонимдік компоненті адам есімдерінің тарихынан сыр шертеді. Қазақ мақал-мәтелдерінде кездесетін есімдердің тарихы олар өмір сүрген уақыт пен қоғамның тарихымен, мәдениетімен, идеологиясымен тығыз байланысты [6]. Жалқы есімдер жалпы есімдерге қарағанда көбірек ұлттық реңкке ие. Сондықтан мақал-мәтелдерде антропонимдер соншалықты белсенді қолданылады. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі антропонимдік компонент халқымыздың өмірін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, менталитетін көрсетеді. Бірақ мақал-мәтелдер халық ойының ескерткіш мұрасы ғана емес, олар қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылатын және сөйлеуде әртүрлі өзгерістерге ұшыраған тілдің тірі бірліктері. Антропонимдік компоненті бар мақал-мәтелдер адамдардың этностық ерекшелігіне қарай айқындалатын психикалық құрылымы мен мінез-құлқ ерекшеліктерін зерттеуде нәтижелі болып көрінеді, себебі олар қазақ ұлты құрайтын этникалық топтың менталитетін, бұқаралық сананың терең деңгейін, өзіне тән дүниенің лингвомәдени бейнесін ашуға қабілетті. Мақал-мәтелдер - бұл өткен және бүгінге қоғамдық баға беруге мүмкіндік беретін тілдік материал, оның ішінде әртүрлі өмірлік жағдайларда өмір сүрген адамдардың мінез-құлқына өзіндік баға беруге де мүмкіндік береді.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі антропонимдік компонент халық өміріндегі белгілі бір лингвомәдени бағалаудың мазмұнын ашуда ерекше рөл атқарады. Қазақ мақал-мәтелдерінде қолданылатын жалқы есімдер Ислам дініне негізделген мұсылмандық мәдениетіміздің ажырамас бөлігі болып табылады, мақал-мәтелдерде кездесетін есімдер қазақ рухани мәдениетімен тығыз байланысты.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі антропонимдік компоненттің мағыналық түрлерін талдау үшін құрамында жалқы есімдері кездесетін бірқатар мақал-мәтелдерден мысал келтірейік. Қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы, тарихы, мәдениеті, салт-санасы, философиясы, педагогикасы, өнері түгел қамтылған қазақ фольклорының 100 томдығын құрайтын «Бабалар сөзі» жинағының 65, 66, 67, 68-томдарында антропоним компонентті мақал-мәтелдер жинақталған. Жинақтағы антропоним компонентті мақал-мәтелдерді мағыналық түрлеріне қарай қазақ фольклорында кездесетін танымал би-шешендердің,

билеуші, патшалар мен хандардың, асыл дінімізді насихаттаған пайғамбарлар мен әулие кісілердің және қазақ мәдениетінде өзіндік орны бар белді тұлғалардың есімдері бойынша жүйелеп келтірдік.

• Қазақ руханиятында қара қылды қақ жарған әділдігімен, оралымды тілі мен қызыл тілді шешендігімен танылған би-шешендердің есімдері кездесетін мақал-мәтелдер:

1. Айдабол,

Ас ішерде пайда бол![7]

Бұл жерде антропоним компоненті болып тұрған «Айдабол» есімі бір жағынан қазақ халқының атақты, мәртебелі ру атауын білдірсе, екінші жағынан халқымыздың белгілі биі – Айдабол бидің есімін білдіріп тұр.

2. Аяз би әліңді біл,

Құмырсқа жолыңды біл [7].

Бұл мақалдағы «Аяз би» жалқы есімі қазақ фольклорында үлкен рөл атқаратын ұлы тұлғалардың бірі әрі ертегі кейіпкері Аяз бидің қарапайымдылығы мен кісілігін білдіреді. Қарапайым адамнан мәртебелі хан дәрежесіне көтерілген Аяз би өзінің жаман тымағы мен жамау шапанын хан төріне іліп қойып, әрдайым өзін астамшылық пен атаққұмарлықтан сақтап отырған екен. Дәл осы мақалдың мағыналық мәні де халыққа астамшылыққа салынбай, әркім өз орны мен өз ісін білгені абзал екенін ұғындырады.

3. Су аяғы – ер Қорқыт [7].

Бұл мақалдағы антропоним компоненті – «Қорқыт» жалқы есімі. Қорқыт Ата — өз халқының бақыты үшін “Жер ұйығын” іздеп, көптің мүддесін көздеген ақын, жырау, композитор, әнші, күйші, қобызшы, өз дәуірінің ойшылы болған адам. Қорқыт ата Қызылорда өңірінде ғұмыр кешкен. Мақал Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Сырдария өзенінің төменгі жағасында орналасқан Жаңакент (Иеникент) қаласын меңзеп тұр. Қала Арал теңізіне құйылар жерінде орналасқандықтан да «Су аяғы – ер Қорқыт» деп аталған.

4. Түгел сөздің түбі бір,

Түп тасы – Майқы би [7].

Мақалға негіз болған қазақ биі – Майқы би. Тарих деректеріне назар аударсақ, Майқы би бір ғана қазақ халқының емес, бүкіл түркі тұқымдас халықтардың бас биі болғанға ұқсайды. Сондықтан «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы - Майқы би» дейтін қанатты сөз атадан балаға таралып, түйінді даналы сөздің де, би біткеннің де көш басшысы атанған Майқы бидің ұлылығын танытып тұр.

• Асыл дінімізді насихаттаған пайғамбарлар мен әулие кісілердің есімдерінен тұратын антропоним компонентті мақал-мәтелдер:

5. Жүзігі барда Сүлеймен,

Жүзігі жоқта сүмірейген.

6. Қолында мөрі тұрғанда,

Сүлеймен де Сүлеймен.

Қолынан мөрі кеткен соң,

Сүлеймен де сүмірейген [7].

Антропоним компоненті «Сүлеймен» жалқы есімі болып тұрған бұл мақалдың мағынасына негіз болған тұлға – Сүлеймен патша. Халық арасында Дәуіт пайғамбардың ұлы Сүлеймен туралы «Су иесі – Сүлеймен», «Сүлеймен де су құйған» деген аталы сөздер кездеседі. Сүлеймен пайғамбар жастайынан үлкендерді сыйлап, қолынан құманын тастамай, үлкендердің қолына су құйғаны үшін қариялардың ақ баталарын алған. Кішілік мінезі үшін Алланың сүйген құлына айналып, 99 мұғжизаға ие болған пайғамбар да Сүлеймен пайғамбар болған.

7. Кемеші Нұх пайғамбар болғанда,

Теңіз қатты толқыса, кім қорқады [7].

Мақалда аты келтірілген Нұх пайғамбар — Исламда аса құрметтелетін пайғамбарлардың бірі. Бұл мақалдың мағыналық мәні де Нұх пайғамбардың ғибратты

ғұмырын сипаттайды. Нұх пайғамбар хикаяларында Меккедегі қасиетті орындарға байланысты бүкіл әлемді басқан топан су Меккедегі қасиетті жерге жайылмаған. Мақалдың мағынасы – Нұх пайғамбардың кемесіне отырған жанға ешбір залал жоқ дегенді білдіреді.

8. Қырықтың бірі – **Қыдыр**,

Мыңның бірі – **Машайық**.

9. Қызға бергенді **Қызыр** өтейді.

10. Қыры келгенде **Қыдыр** шылауыңа оралады.

11. Егіні бітіктің қырманына **Қыдыр** қонады [7].

Келтірілген мақалдардағы «Қыдыр», «Қызыр» жалқы есімдері қазақ халқының ұғым-түсінігіндегі Қыдыр сәттілік пен бақ беруші, көбіне иман жүзді қарт түрінде бейнеленіп, өзін көзімен көру сәті түскендерге бақыт сыйлаушы ретінде суреттелетін Қыдыр атаны бейнелеп тұр.

12. Атаның жаман ұлы малға ортақ,

Әзірейіл жанға ортақ.

13. Ақ жалау барда «малым бар» деме,

Әзірейіл барда «жаным бар» деме [7].

Жоғарыдағы мақал-мәтелдерде келтірілген антропоним компоненті иісі мұсылман жұртшылығының танымындағы жан алушы періште – «Әзірейіл» періштенің есімін білдіріп тұр.

14. Аты-тоны бар кісиде,

Әзірет Әлінің күші бар [7].

Әзірет Әлі - Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы, мұсылмандардың аты аңызға айналған батыры, ислам дініндегі әділ халифалардың төртіншісі. Ал қазақ танымында Әзірет Әлі дүлдүл сәйгүлігімен жауға шапқан ержүрек батыр сипатында бейнеленетін аңыз-эпсаналардың кейіпкері. Елі мен жерін қорғаған қазақ батырлары Әзірет Әлі тұлғасын пір тұтқан. Мақал мағынасы да Әзірет Әлінің күштілігін арқау етіп тұр.

• Қазақ тарихындағы билеуші, патшалар мен хандардың есімдерінен тұратын антропоним компоненті бар мақал-мәтелдер:

15. Жауды қара қашырады,

Батыр атақ **Барақта** қалады.

16. Батыр деген **Барақ** ит болар,

Екі қатынның бірі табатұғын.

Би деген ақсары ат болар,

Айында біреу табатұғын.

17. **Абылайдың** асында шаппағанда,

Атаңның басына шабасың ба?

18. **Есімханның** ескі жолы,

Қасымханның қасқа жолы [7].

Жоғарыдағы мақал-мәтелдерде қазақ тарихындағы хандық биліктің белді тұлғалары болған ірі билеуші, хандар – Барақ ханның, Абылай ханның, Есім хан мен Қасым ханның аттары аталып тұр. Билеуші хандардың есімдері арқылы антропоним компонентке ие болып тұрған бұл мақал-мәтелдер қазақ тарихындағы ақсүйек топтан шыққан патшалардың тұлғалық сипатын ашады.

Сондай-ақ, ел тарихында маңызды рөл атқарған белді тұлғалардың есімі де қазақ мақал-мәтелдерінің негізіне арқау болған. Мәселен:

19. **Атамыз – Алаш**, керегеміз – **ағаш** [7].

«Алаш» антропонимі қазақ ұғымында бейбітшілік пен бостандықтың, бірліктің ұранына айналған сөз. Алаш ұғымы «қазақ» ұғымымен қатар қолданылатын, мағыналас сөз. Мақалдағы «Атамыз – Алаш» деп келуі қазақтың Алаш атты арғы бабасының болуын білдіреді.

20. Соқыр десе **Құнанбайға** тиеді [7].

Бұл мақалдағы антропоним компонент - «Құнанбай» атауы. Құнанбай – атақты ақын Абайдың әкесі. Тарихта Құнанбай есімі өзінің әділдігімен әрі қаталдығымен бейнеленеді. Ал мақалдың мағынасы өмірде Құнанбайдың көзінің соқыр болғандығына саяды.

Қорытындылап айтқанда, антропонимдер лексикалық бірлік ретінде қазақ тілінің меншігі болып табылады, ал егер антропонимдерді ұлттық тіл мәдениетіміздің потенциалды «алмастырушы» түрі ретінде қарастыратын болсақ, онда антропонимдер де этникалық мәдениетті білдіреді. Сол секілді қазақ мақал-мәтелдерінде кездесетін антропоним компоненттері халқымыздың бүкіл тарихи және мәдени тәжірибесімен байланысты. Антропоним компонентті мақал-мәтелдердің мағыналық құрылымын лингвомәдениеттану тұрғысынан зерделеу антропонимдердің негіздері арқылы берілген ұлттық лексикалық қордың байлығын ашып қана қоймай, лексикалық бірліктердің семантикалық қорын да меңгеруге мүмкіндік береді. Қазақ мақал-мәтелдерінде кездесетін антропонимдер ұжымдық тілдік сананы бейнелеуде маңызды орын алады, сондықтан оларды тек тілдік тұрғыдан ғана емес, мәдениеттану аспектісінде зерттеу де бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мадиева Г., Супрун В. Ономастиканың теориясы мен практикасы. Оқу құралы/ Г.Б. Мадиева, В.И. Супрун. —Алматы: Қазақ университеті; Волгоград: Изд-во ВГСПУ «Перемена», 2015.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы. «Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. – 388 б.
3. Керімбаев Е. А. Қазақтың жалқы есімдерінің аталуының және қызмет етуінің этномәдени негіздері: дисс. автореф... филол. ғыл. докт. Алма-Ата, 1992. 61 б.
4. Ахметжанова Г. А., Баймусаева Б. Ш., Ниетбайтеги К. А. Антропонимы как хранители культурной информации: Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2012. № 7 (18): в 2-х ч. Ч. II. С. 30-33.
5. Аққозин М. Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки. Алматы: Қазақстан, 1990. – 288 б.
6. Джанузаков Т.Д. Социально-бытовые мотивы в казахской антропонимии. –Личные имена в прошлом, настоящем и будущем. – М., 1970. – С. 194-200
7. «Бабалар сөзі» жинағы - қазақ фольклорының 100 томдығы.

ӘОЖ 811.512.122

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Балтабаева А. А.

baltabaevaazada17@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш. Қапантайқызы

Мектеп бағдарламасында фразеологизмді оқытуға бастауыш сыныптан жетінші сыныпқа дейінгі аралықты құрайды. Осы аралықта оқушыларға тақырыпты меңгеру үшін бірнеше сағаттар ғана бөлінеді. Менің ойымша, бұл фразеологиялық бірліктердің құрылымын, олардың шығу тегі мен қолдану мүмкіндігін толық түсіну үшін жеткіліксіз. Ана тілінің табиғатын неғұрлым тезірек түсіне бастасақ, ұлттық мәдениетті тезірек әрі тереңірек меңгеріп, түсіне аламыз. Оқушылардың тілді еркін меңгеріп, еркін қолдануы үшін сөздік қордың маңызды бөлшегі болып табылатын фразеологияға ден қоюмыз қажет. Алаған мәселе осы тақырыпты зерттеуге деген қызығушылығымызды оятты. Шағын зерттеуіміздің алдына мектеп оқушыларына сөз тіркесі туралы ұғым беру, олардың сөйлеу тілін дамыту